ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М. ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН
М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университетінің
Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
_____ Кудретуллаева Р.О.
«___» _____ 2026 ж.

«Жасанды интеллект және цифрлық педагогика: заманауи мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»
атты біліктілік арттыру курсының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі: 2 апта
Жалпы сағат саны: 80

Шымкент, 2026ж.

Бағдарлама «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» Жоғары мектебінің «Информатика» кафедрасының мәжілісінде қаралып, Оқу-әдістемелік кеңеске талқылауға ұсынылды (хаттама №___, «____»_____ 2026 ж.).

Информатика кафедрасы меңгерушісі Жайдақбаева Л.К.

Бағдарлама университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып, бекітілді (хаттама №___, «____»_____ 2026 ж.).

Оқу-әдістемелік бірлестігінің жетекшісі

Жалпы білім беру ұйымдарының химия пәні мұғалімдеріне арналған «Жасанды интеллект және цифрлық педагогика: заманауи мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1.	Жайдақбаева Л.К.	Кафедра меңгерушісі	87053556544
2.	Хасанова Г.	Магистр оқытушы	7789903630

Қысқартулар:

ҚР – Қазақстан Республикасы.

ББ – білім беру бағдарламасы.

ББЖМ – білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі.

БА – біліктілікті арттыру.

ББББ – білім беру бағдарламасы.

ПБА – педагогтердің біліктілігін арттыру.

МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.

ЖББ – жалпы білім беретін пәндер.

ӘНХ – әдістемелік-нұсқаулық хат.

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

ЦБР – цифрлық білім беру ресурстары.

ЖИ – жасанды интеллект.

STEM – Science, Technology, Engineering, Mathematics (ғылым, технология, инженерия, математика).

ЗЖ – зерттеу жұмысы.

ТЖ – тәжірибелік жұмыс.

ЗТЖ – зертханалық-тәжірибелік жұмыс.

ҚБ – қалыптастырушы бағалау.

ЖБ – жиынтық бағалау.

ББББ – білім беру бағдарламасы.

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен.

ӘБ – әдістемелік бірлестік.

КТ – критерийлік бағалау.

ТҚЕ – техника қауіпсіздігі ережелері.

ЕҚ – еңбек қауіпсіздігі.

ХБЖ – халықаралық бірліктер жүйесі.

1 Жалпы ережелер

1.1 «Жасанды интеллект және цифрлық педагогика: заманауи мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жалпы білім беретін мектептердің информатика пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, пәнді оқытудың заманауи әдістемелік тәсілдерін меңгеруіне және білім алушылардың функциялық, зерттеушілік және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

1.2 Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормалық-құқықтық актілеріне, педагогтердің кәсіби қызметіне қойылатын талаптарға, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау қағидаттарына және химия пәнін оқытудағы заманауи педагогикалық тәсілдерге сәйкес әзірленеді.

1.3 Бағдарламаның өзектілігі информатика пәнін оқыту мазмұнын жаңғырту, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалану, зертханалық және практикалық жұмыстарды ұйымдастыру, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану қажеттілігімен айқындалады.

1.4 Бағдарлама педагогтердің пәндік-әдістемелік, цифрлық және зерттеушілік құзыреттерін дамытуға, оқу үдерісін білім алушыға бағдарланған тәсіл негізінде ұйымдастыруға және химияны өмірмен байланыстыра оқытуға мүмкіндік береді.

1.5 Курстың мазмұнында информатиканы оқытудың заманауи әдістері мен технологиялары, жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатта тиімді пайдалану белсенді және интерактивті оқыту әдістері, зерттеушілік және проблемалық оқыту, жобалық жұмыс, STEM/STEAM тәсілдері, цифрлық білім беру ресурстары, критерийлік бағалау және зертханалық-практикалық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері қамтылады.

1.6 Бағдарламаны іске асыру барысында педагогтердің теориялық білімдерін практикалық қызметпен ұштастыруға, тәжірибе алмасуға, кәсіби рефлексия жасауға және сабақ үдерісіне заманауи әдістерді енгізуге басымдық беріледі.

1.7 Курстың тыңдаушылары – жалпы білім беретін ұйымдардың информатика пәні педагогтері, педагог-әдіскерлер, әдістемелік бірлестік жетекшілері және химия пәнін оқытуға қатысатын педагогтер.

1.8 Бағдарлама көлемі педагогтердің кәсіби қажеттіліктері мен оқу нәтижелеріне сәйкес айқындалады және теориялық, практикалық, зертханалық, тренингтік және рефлекстік сабақтарды қамтиды.

1.9 Курсты ұйымдастырудың негізгі қағидаттары:

1. Ғылымилық қағидаты – жасанды интеллект (ЖИ), цифрлық педагогика және білім беру технологиялары саласындағы заманауи ғылыми зерттеулерге, педагогикалық теориялар мен практикалық тәжірибеге сүйену.
2. Практикаға бағытталу қағидаты – педагогтердің алған білімін нақты оқу үдерісінде қолдануына, сабақ жоспарлау, оқу материалдарын әзірлеу,

бағалау және кері байланыс беру міндеттерін цифрлық құралдар арқылы шешуіне басымдық беру.

3. Цифрлық құзыреттілікті дамыту қағидаты – мұғалімдердің цифрлық технологияларды, білім беру платформаларын және ЖИ құралдарын мақсатқа сай, тиімді әрі қауіпсіз пайдалану дағдыларын қалыптастыру.
4. Педагогикалық мақсаттылық қағидаты – ЖИ мен цифрлық құралдарды технологияны қолдану үшін емес, білім сапасын арттыруға, оқушының оқу жетістіктерін қолдауға және педагогикалық міндеттерді тиімді шешуге бағыттау.
5. Адамға бағдарлану қағидаты – технологиялық шешімдердің орталығында мұғалім мен оқушының тұлғалық дамуы, шығармашылығы, дербестігі және өзара әрекеті тұруын қамтамасыз ету.
6. Жеке және сараланған оқыту қағидаты – оқушылардың білім деңгейі, қажеттілігі, оқу қарқыны мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, цифрлық және ЖИ құралдарының мүмкіндіктерін пайдалану.
7. Академиялық адалдық және этикалық жауапкершілік қағидаты – ЖИ-ді пайдалану кезінде авторлық құқықты сақтау, дереккөздерді дұрыс көрсету, плагиатқа жол бермеу, ЖИ арқылы жасалған контенттің жауапты қолданылуын қамтамасыз ету.
8. Ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау қағидаты – білім алушылар мен педагогтердің жеке мәліметтерін қорғау, цифрлық ортадағы қауіпсіз мінез-құлық нормаларын сақтау және ЖИ сервистерін қауіпсіз пайдалану.
9. Сыни ойлау және ақпараттық сауаттылық қағидаты – ЖИ ұсынған ақпаратты тексеру, оның дәлдігі мен сенімділігін бағалау, қателер мен біржақтылықты анықтау дағдыларын дамыту.
10. Үздіксіз кәсіби даму қағидаты – педагогтердің цифрлық технологиялар мен ЖИ саласындағы өзгерістерге бейімделуін, өзіндік білім жетілдіруін және кәсіби рефлексиясын қолдау.
11. Инклюзивтілік және қолжетімділік қағидаты – цифрлық технологияларды әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағыттау.
12. ЫНтымақтастық қағидаты – педагогтердің тәжірибе алмасуын, бірлескен жобалау мен кәсіби қауымдастықтардағы өзара оқытуды дамыту.
13. Нәтижелілік қағидаты – курстың мазмұны мен оқу нәтижелерін педагогтің нақты кәсіби құзыреттерінің қалыптасуы және оларды оқу тәжірибесінде қолдану нәтижелері арқылы бағалау.
14. Рефлексия және үздіксіз жетілдіру қағидаты – педагогтің өзінің цифрлық тәжірибесін талдауына, тиімді әдістерді анықтауына және кәсіби қызметін тұрақты жетілдіруіне жағдай жасау.

1.10 Бағдарлама нәтижесінде педагогтер информатика пәнін оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын оқу үдерісінде тиімді қолдану, зертханалық және практикалық жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыру, цифрлық ресурстарды пайдалану, білім алушылардың зерттеушілік және функциялық

сауаттылығын дамыту, оқу жетістіктерін бағалау және сабақтарды тиімді жобалау дағдыларын жетілдіреді.

1.11 Бағдарламаның оқу нәтижелері педагогтердің курстан кейінгі кәсіби қызметінде алған білімдері мен дағдыларын практикада қолдануын қамтамасыз етуге бағытталады.

2 Глоссарий

Білім беру бағдарламасы – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған оқу мазмұнын, мақсаттарын, міндеттерін, күтілетін нәтижелерін, оқу формалары мен әдістерін айқындайтын құжат.

Біліктілікті арттыру курсы – педагогтердің кәсіби білімін жаңартуға, педагогикалық шеберлігін жетілдіруге және жаңа әдістер мен технологияларды меңгеруіне бағытталған оқу үдерісі.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – педагогтің пәндік білімін, педагогикалық, әдістемелік, цифрлық және зерттеушілік дағдыларын кәсіби қызмет барысында тиімді қолдану қабілеті.

Пәндік құзыреттілік – химия пәнінің ғылыми негіздерін, негізгі ұғымдарын, заңдары мен заңдылықтарын меңгеру және оларды оқыту тәжірибесінде тиімді қолдану қабілеті.

Әдістемелік құзыреттілік – оқу мақсаттарына сәйкес оқыту әдістерін, педагогикалық технологияларды, оқу ресурстары мен бағалау тәсілдерін тиімді таңдау және қолдану қабілеті.

Заманауи оқыту әдістері – білім алушының белсенді оқу әрекетін, сыни және шығармашылық ойлауын, зерттеушілік қабілетін дамытуға бағытталған оқыту тәсілдерінің жиынтығы.

Оқыту технологиясы – белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту әдістері, құралдары, формалары мен әрекеттерінің жүйесі.

Білім алушыға бағдарланған оқыту – білім алушының жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қабілеттерін және оқу қарқынын ескере отырып ұйымдастырылатын оқыту тәсілі.

Белсенді оқыту – білім алушының оқу материалын меңгеру барысында талдау, салыстыру, зерттеу, пікірталас, тәжірибе жасау және шешім қабылдау сияқты белсенді әрекеттерге қатысуына негізделген оқыту тәсілі.

Интерактивті оқыту – педагог пен білім алушының, сондай-ақ білім алушылардың өзара әрекеттесуіне негізделген оқыту түрі.

Зерттеушілік оқыту – мәселені анықтау, болжам жасау, зерттеу жүргізу, тәжірибе нәтижелерін жинақтау, талдау және қорытынды жасау арқылы білім алушының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту.

Проблемалық оқыту – білім алушы алдына проблемалық жағдай қойып, оны шешу барысында жаңа білімді өздігінен меңгеруге мүмкіндік беретін оқыту әдісі.

Жобалық оқыту – нақты мәселені шешуге бағытталған жобаны жоспарлау, орындау, нәтижесін талдау және таныстыру арқылы жүзеге асырылатын оқыту технологиясы.

Кейс әдісі – нақты немесе модельденген проблемалық жағдайды талдау, шешу жолдарын ұсыну және шешім қабылдау арқылы білім алушының практикалық дағдыларын дамыту әдісі.

Коллаборациялық оқыту – білім алушылардың ортақ оқу мақсатына жету үшін жұпта немесе топта бірлесіп жұмыс жасауына негізделген оқыту тәсілі.

Саралап оқыту – білім алушылардың дайындық деңгейін, жеке қабілеттерін, қажеттіліктері мен оқу ерекшеліктерін ескере отырып оқу тапсырмаларын, әдістерін және ресурстарын бейімдеу тәсілі.

STEM-білім беру – ғылым, технология, инженерия және математиканы өзара байланыстыра отырып оқытуға бағытталған пәнаралық тәсіл.

STEAM-білім беру – STEM бағыттарына өнер және шығармашылық компоненттерін кіріктіретін пәнаралық оқыту тәсілі.

Цифрлық білім беру ресурстары – электрондық оқулықтар, интерактивті тапсырмалар, бейнематериалдар, симуляциялар, виртуалды зертханалар және басқа да цифрлық оқу құралдары.

Цифрлық технологиялар – ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату және ұсыну үшін қолданылатын заманауи технологиялар жиынтығы.

Жасанды интеллект – деректерді өңдеу, талдау, мәтін құрастыру, ақпаратты жүйелеу және белгілі бір міндеттерді орындау кезінде адам интеллектісіне тән әрекеттерді модельдейтін технологиялар жиынтығы.

Практикалық жұмыс – білім алушының теориялық білімдерін тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында қолдануына бағытталған оқу әрекеті.

Генеративті жасанды интеллект – пайдаланушының сұранысы негізінде мәтін, сурет, аудио, бейне, бағдарламалық код және басқа да цифрлық мазмұнды автоматты түрде құра алатын жасанды интеллект технологиясы.

ЖИ-құзыреттілік – жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктері мен шектеулерін түсіну, оларды кәсіби және білім беру міндеттерінде мақсатқа сай, жауапты және сыни тұрғыдан қолдана алу қабілеті.

Промпт – генеративті жасанды интеллект жүйесіне қажетті нәтиже алу мақсатында берілетін мәтіндік немесе басқа форматтағы нұсқау, сұрақ не тапсырма.

Промпт-инжиниринг – жасанды интеллект жүйесінен нақты, сапалы және мақсатқа сәйкес нәтиже алу үшін сұраныстарды тиімді құрастыру және жетілдіру үдерісі.

Цифрлық білім беру ресурсы – оқу мақсатына жетуге арналған электрондық форматтағы мәтіндік, графикалық, аудио, бейне, интерактивті немесе мультимедиалық оқу материалы.

Цифрлық білім беру ортасы – педагогтер мен білім алушылардың оқу, қарым-қатынас, бағалау және бірлескен жұмысын қамтамасыз ететін цифрлық құралдар, платформалар мен ресурстар жиынтығы.

Дербестендірілген оқыту – білім алушының жеке ерекшеліктерін, білім деңгейін, оқу қарқынын және қажеттіліктерін ескере отырып оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі.

Адаптивті оқыту – білім алушының оқу нәтижелері мен әрекеттеріне сәйкес оқу мазмұнының, тапсырмалардың немесе оқу траекториясының автоматты не педагогикалық тұрғыдан бейімделуі.

Педагогикалық дизайн – оқу мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері, цифрлық ресурстар мен бағалау тәсілдерін өзара байланыстыра отырып оқу үдерісін жүйелі жобалау.

Цифрлық контент – цифрлық форматта ұсынылатын және білім беру мақсатында қолданылатын мәтін, сурет, инфографика, презентация, бейне, аудио, анимация және интерактивті материалдар жиынтығы.

Интерактивті оқу материалы – білім алушының оқу мазмұнымен белсенді әрекеттесуіне, тапсырмаларды орындауына және жедел кері байланыс алуына мүмкіндік беретін цифрлық білім беру материалы.

Цифрлық бағалау – білім алушылардың оқу жетістіктерін цифрлық құралдар мен платформалар арқылы анықтау, жинақтау, талдау және бағалау үдерісі.

Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісі барысында білім алушының жетістіктері мен қиындықтарын анықтап, кері байланыс беру арқылы оның оқуын жақсартуға бағытталған бағалау түрі.

Кері байланыс – білім алушының оқу әрекеті мен нәтижелері туралы жетістіктерін, қиындықтарын және әрі қарай даму бағыттарын көрсететін ақпарат.

Оқу аналитикасы – білім алушылардың оқу әрекеті мен нәтижелері туралы деректерді жинау, өлшеу және талдау арқылы оқу үдерісін жетілдіру тәсілі.

Геймификация – білім алушылардың оқу мотивациясы мен белсенділігін арттыру мақсатында ойын элементтері мен механизмдерін оқу үдерісіне енгізу тәсілі.

Цифрлық қауіпсіздік – цифрлық ортада жеке деректерді, құрылғыларды, ақпаратты және пайдаланушының құқықтарын қорғауға бағытталған ережелер мен шаралар жүйесі.

Дербес деректерді қорғау – адамның жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратты заңды, қауіпсіз және жауапты жинау, сақтау, өңдеу және пайдалану қағидалары.

Жасанды интеллект этикасы – жасанды интеллектті әзірлеу және пайдалану кезінде әділдік, ашықтық, жауапкершілік, қауіпсіздік, құпиялылық және адам құқықтарын сақтау қағидаларының жиынтығы.

ЖИ нәтижесін сыни бағалау – жасанды интеллект ұсынған ақпараттың дұрыстығын, сенімділігін, өзектілігін және оқу мақсатына сәйкестігін тексеру және талдау үдерісі.

ЖИ галлюцинациясы – жасанды интеллект жүйесінің шынайы немесе сенімді болып көрінетін, бірақ қате, дәлелденбеген немесе ойдан құрастырылған ақпаратты ұсынуы.

Академиялық адалдық – оқу және кәсіби қызмет барысында адалдық, дербестік, жауапкершілік, дереккөздерді дұрыс пайдалану және авторлық құқық қағидаларын сақтау.

Авторлық құқық – шығармашылық және зияткерлік еңбектің нәтижелерін пайдалануға байланысты автордың заңмен қорғалатын құқықтарының жиынтығы.

Медиа және ақпараттық сауаттылық – ақпаратты іздеу, түсіну, талдау, сенімділігін бағалау, жауапты пайдалану және цифрлық мазмұн жасау қабілеті.

Цифрлық коммуникация – педагог пен білім алушылардың цифрлық платформалар мен құралдар арқылы ақпарат алмасуы және өзара әрекеттесуі.

Кәсіби құзыреттілік – педагогтің кәсіби міндеттерін сапалы орындауына мүмкіндік беретін білім, білік, дағды, тәжірибе және тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Кәсіби рефлексия – педагогтің өзінің кәсіби әрекетін, қолданған педагогикалық және цифрлық құралдарының тиімділігін, қол жеткізген нәтижелерін және әрі қарай даму қажеттіліктерін жүйелі талдау үдерісі.

Цифрлық трансформация – цифрлық технологияларды енгізу арқылы білім беру үдерісінің мазмұнын, әдістерін, ұйымдастырылуын және педагогтің кәсіби қызметін жүйелі түрде жаңарту үдерісі.

Аралас оқыту – дәстүрлі бетпе-бет оқыту мен цифрлық немесе онлайн оқытуды өзара үйлестіріп ұйымдастыру тәсілі.

3 Бағдарлама тақырыптары

1 модуль. Цифрлық педагогика және жасанды интеллекттің білім берудегі әдіснамалық негіздері

1. Цифрлық педагогиканың мәні, қағидаттары және заманауи білім берудегі даму үрдістері.
2. Білім берудегі цифрлық трансформация және педагогтің кәсіби қызметінің өзгеруі.
3. Жасанды интеллект: негізгі ұғымдары, мүмкіндіктері және білім беру саласындағы қолданылу бағыттары.
4. Генеративті жасанды интеллекттің білім беру үдерісіндегі мүмкіндіктері мен шектеулері.
5. Заманауи педагогтің цифрлық және ЖИ-құзыреттілігін қалыптастыру.

2 модуль. Жасанды интеллект құралдарын педагогтің кәсіби қызметінде қолдану

6. Жасанды интеллект құралдарын педагогтің кәсіби қызметіне кіріктіру жолдары.
7. Генеративті жасанды интеллектпен тиімді жұмыс істеудің негізгі қағидаттары.

8. Промпт құрастырудың құрылымы мен тиімді әдістері.
9. Жасанды интеллект көмегімен сабақ мазмұнын жоспарлау және оқу материалдарын әзірлеу.
10. Жасанды интеллект арқылы оқу тапсырмаларын құрастыру және бейімдеу.
11. Жасанды интеллект көмегімен мәтіндік, графикалық және мультимедиалық оқу контентін әзірлеу.
12. Жасанды интеллект құралдарын саралап және дербестендіріп оқытуда пайдалану.
13. Жасанды интеллект нәтижелерін тексеру, талдау және сыни бағалау.

3 модуль. Цифрлық білім беру ресурстары және интерактивті оқыту технологиялары

14. Цифрлық білім беру ресурстарының түрлері және оларды педагогикалық мақсатқа сәйкес таңдау.
15. Интерактивті цифрлық платформаларды оқу үдерісінде тиімді қолдану.
16. Цифрлық тапсырмалар мен интерактивті оқу материалдарын әзірлеу.
17. Инфографика, презентация және визуалды оқу материалдарын әзірлеудің педагогикалық негіздері.
18. Бейне, аудио және мультимедиалық ресурстарды оқу үдерісіне кіріктіру.
19. Виртуалды және интерактивті оқу орталарын пайдалану.
20. Цифрлық құралдар арқылы білім алушылардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру.

4 модуль. Заманауи педагогикалық технологиялар және цифрлық орта

21. Білім алушыға бағдарланған оқытуды цифрлық ортада ұйымдастыру.
22. Белсенді және интерактивті оқыту әдістерін цифрлық технологиялармен кіріктіру.
23. Жобалық және зерттеушілік оқытуды цифрлық құралдар арқылы ұйымдастыру.
24. Проблемалық оқыту және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану.
25. Аралас оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық модельдері.
26. Геймификация және ойын технологияларын цифрлық білім беру ортасында қолдану.
27. Жасанды интеллект негізінде дербестендірілген және адаптивті оқытуды ұйымдастыру.

5 модуль. Жасанды интеллект және цифрлық құралдар арқылы оқу тапсырмаларын әзірлеу

28. Оқу мақсаттарына сәйкес цифрлық тапсырмаларды жобалау.
29. Жасанды интеллект көмегімен әртүрлі деңгейдегі оқу тапсырмаларын әзірлеу.
30. Білім алушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды құрастыру.

31. Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған контекстік және практикалық тапсырмаларды әзірлеу.
32. Зерттеушілік және шығармашылық тапсырмаларды жасанды интеллект көмегімен жобалау.
33. Білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмаларды саралау және бейімдеу.

6 модуль. Цифрлық бағалау, академиялық адалдық және ЖИ-ді жауапты пайдалану

34. Цифрлық ортада білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.
35. Қалыптастырушы бағалауда цифрлық құралдар мен жасанды интеллектті пайдалану.
36. Жасанды интеллект көмегімен бағалау критерийлері мен дескрипторларды әзірлеу.
37. Цифрлық құралдар арқылы тиімді кері байланыс ұйымдастыру.
38. Білім беруде жасанды интеллектті қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану.
39. Академиялық адалдық, авторлық құқық және дербес деректерді қорғау.

7 модуль. Практикалық-әдістемелік жұмыс және педагогтің кәсіби дамуы

40. Жасанды интеллект және цифрлық педагогика негізінде заманауи сабақты жобалау.
41. Жасанды интеллект құралдарын кіріктіре отырып қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу.
42. Цифрлық оқу материалдары мен авторлық білім беру ресурстарын әзірлеу.
43. Жасанды интеллект көмегімен педагогтің цифрлық портфолиосын қалыптастыру.
44. Цифрлық және ЖИ құралдары қолданылған сабақты талдау және әдістемелік сараптау.
45. Педагогтердің кәсіби рефлексиясы және цифрлық тәжірибе алмасуы.

4 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Курстың мақсаты – педагогтердің цифрлық және жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру, жасанды интеллект пен заманауи цифрлық технологияларды педагогикалық мақсаттарға сәйкес тиімді, қауіпсіз және жауапты қолдану дағдыларын қалыптастыру, цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу және оларды оқу үдерісіне кіріктіру арқылы білім

алушылардың оқу белсенділігін, функционалдық сауаттылығын, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған заманауи білім беру ортасын ұйымдастыру қабілетін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Педагогтердің цифрлық педагогика, жасанды интеллект және білім берудің цифрлық трансформациясы туралы білімдерін жүйелеу және жаңарту.
2. Жасанды интеллекттің негізгі мүмкіндіктерін, шектеулерін және білім беру саласындағы қолданылу бағыттарын түсіндіру.
3. Педагогтердің генеративті жасанды интеллект құралдарымен тиімді жұмыс істеу және педагогикалық міндеттерге сәйкес промпт құрастыру дағдыларын дамыту.
4. Жасанды интеллект құралдарын сабақ жоспарлау, оқу материалдарын дайындау, тапсырмалар әзірлеу және педагогтің күнделікті кәсіби қызметін жетілдіру мақсатында қолдану дағдыларын қалыптастыру.
5. Цифрлық білім беру ресурстарын, интерактивті платформаларды және мультимедиалық құралдарды оқу мақсаты мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес тиімді таңдау және пайдалану дағдыларын жетілдіру.
6. Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар негізінде мәтіндік, визуалды, интерактивті және мультимедиалық оқу материалдарын әзірлеу дағдыларын қалыптастыру.
7. Белсенді, интерактивті, жобалық, зерттеушілік, проблемалық және аралас оқыту технологияларын цифрлық білім беру ортасына кіріктіру жолдарын меңгерту.
8. Жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды саралап, дербестендіріп және адаптивті оқытуды ұйымдастыруда педагогикалық тұрғыдан негізді қолдану дағдыларын дамыту.
9. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни және шығармашылық ойлауын дамытуға арналған контекстік, зерттеушілік және практикалық тапсырмаларды әзірлеу дағдыларын жетілдіру.
10. Жасанды интеллект және цифрлық құралдарды қалыптастырушы бағалау, бағалау критерийлері мен дескрипторларды әзірлеу және тиімді кері байланыс ұсыну барысында қолдану дағдыларын қалыптастыру.
11. Педагогтердің жасанды интеллект ұсынған ақпаратты тексеру, талдау, салыстыру және сыни бағалау қабілетін дамыту.
12. Жасанды интеллектті пайдалану барысында академиялық адалдық, авторлық құқық, дербес деректерді қорғау, цифрлық қауіпсіздік және этикалық қағидаттарды сақтау мәдениетін қалыптастыру.
13. Педагогтердің цифрлық және ЖИ құралдарын кіріктіре отырып заманауи сабақтарды жоспарлау, оқу мақсаттарына сәйкес технологияларды таңдау және сабақ нәтижелерін талдау құзыреттілігін жетілдіру.
14. Педагогтердің кәсіби рефлексиясын, цифрлық тәжірибе алмасуын және инновациялық педагогикалық тәжірибелерді кәсіби қызметіне жүйелі енгізу қабілетін дамыту.

Курс соңында педагогтер:

1. Цифрлық педагогика мен жасанды интеллекттің білім беру саласындағы негізгі ұғымдарын, қағидаттарын және заманауи даму бағыттарын түсіндіреді.
2. Жасанды интеллекттің білім берудегі мүмкіндіктері мен шектеулерін ажыратып, оны педагогикалық мақсаттарға сәйкес қолданады.
3. Генеративті жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істеу үшін нақты және құрылымдалған промпттар құрастырады.
4. Жасанды интеллект құралдарын сабақ жоспарын, оқу материалдарын және әдістемелік ресурстарды әзірлеуде тиімді қолданады.
5. Оқу мақсатына сәйкес цифрлық білім беру ресурстары мен интерактивті платформаларды таңдап, оқу үдерісіне кіріктіреді.
6. Мәтіндік, визуалды, интерактивті және мультимедиалық цифрлық оқу материалдарын әзірлейді.
7. Белсенді, интерактивті, жобалық, зерттеушілік және проблемалық оқыту әдістерін цифрлық құралдармен үйлестіре қолданады.
8. Цифрлық және жасанды интеллект құралдарын білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес саралап және дербестендіріп оқытуда пайдаланады.
9. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын, шығармашылығын және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған цифрлық тапсырмалар әзірлейді.
10. Жасанды интеллект көмегімен әртүрлі күрделілік деңгейіндегі оқу тапсырмаларын құрастырады және оларды педагогикалық тұрғыдан сараптайды.
11. Цифрлық құралдар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қалыптастырушы бағалау мен кері байланысты ұйымдастыруда қолданады.
12. Оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлері мен дескрипторларды әзірлейді.
13. Жасанды интеллект ұсынған ақпараттың дұрыстығын, сенімділігін және оқу мақсатына сәйкестігін тексеріп, сыни бағалайды.
14. Жасанды интеллектті қолдану кезінде академиялық адалдық, авторлық құқық, цифрлық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау талаптарын сақтайды.
15. Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды кіріктіре отырып қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлейді.
16. Авторлық цифрлық оқу материалдарын әзірлеп, оларды педагогикалық тәжірибеде қолданады.
17. Өзінің кәсіби қызметіне рефлексия жасап, қолданылған цифрлық және жасанды интеллект құралдарының педагогикалық тиімділігін талдайды.
18. Курс барысында меңгерген цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын кәсіби педагогикалық тәжірибесіне жүйелі түрде енгізеді.

5 Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

«Жасанды интеллект және цифрлық педагогика: заманауи мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды білім беру үдерісінде педагогикалық мақсатқа сай тиімді қолдануға, заманауи цифрлық оқыту әдістерін оқу үдерісіне кіріктіруге және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын, шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны теориялық білімді практикалық іс-әрекетпен ұштастыру, жасанды интеллект және цифрлық құралдарды қолдану бойынша педагогтердің практикалық дағдыларын жетілдіру, цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу, жасанды интеллектті қауіпсіз әрі жауапты пайдалану және педагогтердің кәсіби рефлексиясын қалыптастыру қағидаттары негізінде құрылады.

Бағдарламаның құрылымы

Бағдарлама төмендегі негізгі құрылымдық бөліктерден тұрады:

1. Жалпы ережелер.
2. Глоссарий.
3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер
5. Бағдарламанын құрылымы мен мазмұны.
6. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.
7. Оқу нәтижелерін бағалау
8. Курстан кейінгі қолдау.
9. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Бағдарламаның мазмұны

Бағдарлама мазмұны өзара сабақтас бірнеше модульден тұрады.

1 модуль. Жасанды интеллект және цифрлық педагогиканың заманауи әдіснамалық негіздері

Модульдің мазмұны цифрлық педагогиканың заманауи бағыттарын, білім берудегі жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін және педагогтің цифрлық құзыреттілігін дамыту мәселелерін қамтиды.

Тақырыптар:

- Цифрлық педагогиканың заманауи бағыттары мен даму үрдістері.
- Білім берудегі цифрлық трансформация.
- Жасанды интеллекттің негізгі ұғымдары мен жұмыс істеу қағидаттары.
- Жасанды интеллекттің білім берудегі мүмкіндіктері мен шектеулері.

- Генеративті жасанды интеллект және оның білім берудегі рөлі.
- Педагогтің цифрлық және ЖИ-құзыреттілігі.

Практикалық жұмыс: педагогтің кәсіби қызметінде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану бағыттарын анықтау және оқу мақсатына сәйкес цифрлық құралдарды таңдау.

2 модуль. Жасанды интеллект құралдарын білім беру үдерісінде қолдану

Модуль жасанды интеллект құралдарын педагогтің кәсіби қызметінде және оқу үдерісінде тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Тақырыптар:

- Генеративті жасанды интеллект құралдары.
- Жасанды интеллектпен тиімді жұмыс істеу қағидаттары.
- Промпт және оның құрылымы.
- Тиімді промпт құрастыру әдістері.
- Жасанды интеллект көмегімен сабақ мазмұнын жоспарлау.
- Жасанды интеллект көмегімен оқу және әдістемелік материалдарды әзірлеу.
- Оқу тапсырмаларын жасанды интеллект көмегімен құрастыру және бейімдеу.
- Жасанды интеллект нәтижелерін тексеру және сыни бағалау.

Практикалық жұмыс: оқу мақсатына сәйкес промпттар әзірлеу және жасанды интеллект көмегімен сабаққа арналған оқу-әдістемелік материал дайындау.

3 модуль. Цифрлық білім беру ресурстары және интерактивті технологиялар

Модуль заманауи цифрлық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде тиімді пайдалану және педагогтің авторлық цифрлық материалдар әзірлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Тақырыптар:

- Цифрлық білім беру ресурстары.
- Интерактивті білім беру платформалары.
- Цифрлық оқу тапсырмаларын әзірлеу.
- Инфографика және визуалды оқу материалдары.
- Интерактивті презентациялар әзірлеу.
- Бейне және мультимедиалық оқу материалдары.
- Виртуалды және интерактивті оқу орталары.
- Цифрлық құралдар арқылы бірлескен жұмысты ұйымдастыру.

Практикалық жұмыс: белгілі бір оқу мақсатына сәйкес интерактивті тапсырма немесе цифрлық оқу материалын әзірлеу.

4 модуль. Заманауи педагогикалық технологиялар және цифрлық оқыту

Модуль заманауи педагогикалық технологияларды цифрлық құралдармен және жасанды интеллект мүмкіндіктерімен кіріктіріп қолдануға бағытталады.

Тақырыптар:

- Білім алушыға бағдарланған оқыту.
- Белсенді және интерактивті оқыту әдістері.
- Проблемалық оқыту.
- Зерттеушілік және жобалық оқыту.
- Аралас оқыту.
- Саралап және даралап оқыту.
- Ойын технологиялары және геймификация.
- Жасанды интеллект негізіндегі дербестендірілген және адаптивті оқыту.

Практикалық жұмыс: заманауи педагогикалық технология мен цифрлық немесе жасанды интеллект құралын кіріктіре отырып сабақ фрагментін әзірлеу.

5 модуль. Жасанды интеллект және цифрлық құралдар арқылы оқу тапсырмаларын әзірлеу

Модуль білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға арналған оқу тапсырмаларын әзірлеуге бағытталады.

Тақырыптар:

- Оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар әзірлеу.
- Жасанды интеллект көмегімен оқу тапсырмаларын құрастыру.
- Деңгейлік және сараланған тапсырмалар.
- Контекстік тапсырмалар.
- Практикалық бағыттағы тапсырмалар.
- Зерттеушілік тапсырмалар.
- Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар.
- Шығармашылық тапсырмалар.

Практикалық жұмыс: нақты оқу мақсатына сәйкес жасанды интеллект көмегімен деңгейлік, контекстік және шығармашылық тапсырмалар топтамасын әзірлеу.

6 модуль. Цифрлық бағалау және жасанды интеллектті жауапты пайдалану

Модуль цифрлық құралдар мен жасанды интеллектті білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді қолдану, сапалы кері байланыс ұйымдастыру және жасанды интеллектті жауапты пайдалану дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Тақырыптар:

- Цифрлық бағалаудың негізгі қағидаттары.
- Қалыптастырушы бағалауда цифрлық құралдарды пайдалану.
- Жасанды интеллектті бағалау үдерісінде қолдану.
- Бағалау критерийлері мен дескрипторларды әзірлеу.
- Цифрлық кері байланыс беру әдістері.
- Академиялық адалдық және жасанды интеллект.
- Авторлық құқық және дербес деректерді қорғау.
- Жасанды интеллектті қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану.

Практикалық жұмыс: оқу тапсырмасына жасанды интеллект көмегімен бағалау критерийлері мен дескрипторлар әзірлеу және цифрлық кері байланыс үлгісін дайындау.

7 модуль. Сабақты цифрлық жобалау және педагогтің кәсіби дамуы

Модуль педагогтің жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды кіріктіре отырып заманауи сабақты жобалау, талдау және кәсіби рефлексия жасау құзыреттілігін жетілдіруге бағытталады.

Тақырыптар:

- Заманауи цифрлық сабақты жобалау.
- Сабақ мақсатын анықтау және оқу нәтижелерін жоспарлау.
- Оқыту әдістері, цифрлық құралдар және бағалау тәсілдерін сабақ мақсатына сәйкестендіру.
- Жасанды интеллект құралдарын кіріктіре отырып қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу.
- Авторлық цифрлық оқу материалдарын әзірлеу.
- Сабақты талдау және өзіндік бағалау.
- Педагогикалық рефлексия.
- Тәжірибе алмасу және тиімді цифрлық педагогикалық тәжірибені тарату.

Қорытынды практикалық жұмыс: жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды педагогикалық мақсатқа сай пайдалана отырып сабақ жоспарын әзірлеу, цифрлық оқу материалын дайындау, сабақ фрагментін көрсету және әзірленген жұмысты әдістемелік тұрғыдан қорғау.

6 Оқу үдерісін ұйымдастыру

Курс барысында дәріс, семинар, практикалық жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, зертханалық жұмыс, пікірталас, кейс талдау, жобалық жұмыс, топтық жұмыс және рефлексия әдістері қолданылады.

Оқу үдерісінде педагогтердің белсенді қатысуына, тәжірибелік тапсырмаларды орындауына және өзара тәжірибе алмасуына басымдық беріледі.

Практикалық бағыттылығы

Бағдарламаның практикалық бағыты педагогтердің курс барысында алған білімдерін нақты кәсіби жағдайларда қолдануын қамтамасыз етеді. Әр модуль бойынша практикалық тапсырмалар орындалып, педагогтер химия пәніне арналған сабақ жоспарларын, оқу тапсырмаларын, зертханалық жұмыстарды, цифрлық ресурстарды және бағалау құралдарын әзірлейді.

Қорытынды нәтиже

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде педагогтер жасанды интеллект пен цифрлық педагогиканың заманауи мүмкіндіктерін оқу мақсаттарына сәйкес таңдап, білім беру үдерісінде тиімді қолдануға, цифрлық білім беру ресурстары мен интерактивті оқу материалдарын әзірлеуге, жасанды интеллект құралдарын сабақ жоспарлау, оқу тапсырмаларын құрастыру, бағалау және кері байланыс

ұйымдастыру барысында педагогикалық мақсатқа сай пайдалануға мүмкіндік алады. Сонымен қатар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеп, жасанды интеллектті қауіпсіз, этикалық және жауапты қолдану қағидаттарын кәсіби қызметінде жүзеге асырады.

7 Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

«Жасанды интеллект және цифрлық педагогика: заманауи мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету педагогтердің кәсіби, цифрлық және ЖИ-құзыреттіліктерін дамытуға, жасанды интеллект пен заманауи цифрлық технологияларды оқу үдерісінде тиімді және жауапты қолдануға қажетті оқу, әдістемелік, цифрлық және ақпараттық ресурстар кешенінен тұрады.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету курстың мақсаты мен міндеттеріне, мазмұнына, күтілетін оқу нәтижелеріне және педагогтердің кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес әзірленеді.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің негізгі құрамдас бөліктері

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құрамына:

- курстың білім беру бағдарламасы;
- оқу-тақырыптық жоспар;
- дәріс материалдары;
- семинар және практикалық сабақтарға арналған әдістемелік материалдар;
- жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істеуге арналған практикалық нұсқаулықтар;
